

Шілікті ауылдық округінің "Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Шілікті ауылдық округіне қарасты "Сартұмсық" және "Сымбат" шаруа қожалықтарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы" шешім жобасы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 8673 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 15 сәуірдегі №447 ұсынысы негізінде Шілікті ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округіне қарасты "Сартұмсық" және "Сымбат" шаруа қожалықтарына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 6 "Шілікті ауылдық округіне қарасты "Сартұмсық" және "Сымбат" шаруа қожалықтарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2020 жылдың 30 желтоқсанында № 8119 болып тіркелген, 2021 жылғы 12 қаңтарда "Достық" газетінде жарияланған және 2021 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шілікті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте;

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шілікті ауылдық округінің әкімі

К. Сағиев